

# Адамгершілік болмай, әділдік болмайды

Биылғы жылдың сәуір айында Нұра ауданының барлық кітапханаларында ашылған «Парасат жолы» орталықтары адалдық, әділдік идеологиясын ілгерілету жұмысын тиімді іске асырып келеді. Бүгінгі күні осы бағытта аудан бойынша 28 іс-шара жоғарғы деңгейде өтті.

9 маусым күні Нұра кентінің орталық кітапханасында аудан мәслихатының депутаты, «Nur Otan» партиясының аудандық филиал төрағасының орынбасары Данияр Төлеутайұлы Алшынбаев жастармен онлайн режимінде «Адамгершілік болмай, әділдік болмайды» тақырыпта кездесу өткізді. Барлық ауыл кітапханашылары



қатысқан кездесуде жалпы қоғамда парасаттылық идеологиясын насихаттаудың оң әсері, «малым - жанымның, жаным - арымның садағасы» деген қазақ даналығының мазмұны, Абайдың «Адам бол, мал тап» ұстанымының, «Малға достың мұны жоқ, малдан басқа» деген даналық сөздерінің бүгінгі заманда маңыздылығы, қазақ әдебиетіндегі еңбек философиясы туралы және тағы да басқа өзекті сұрақтар талқыланды.

**С.Жұмабеков**  
Нұра ОКЖ басшысы